

Шәй ішкің, келе ме? Пұлын төле.



Дастарқанның басында онсыз да қою күрең шайдан ұрттап, терлеп-тепшіп отырған оқырмандарымыз түкке түсінбеген болар. Әрине, үйдегі шайға ақы-пұл төлеп не көрініпті!? Күнделікті қолына ақша ұстатпасаң қабағы жазылмайтын келіндерге болмаса...

Сонымен қоя бер, Астанада «Аптын жүрек-2015» сыйлығын тапсыру рәсімі өткені жатыр. Саптанатты түрде шымылдығы ашылып, кілең жайсаңдардың басын қосатын шарада қайырымдылық аукционы ұйымдастырылады. Онда не бәске түседі дейсіз ғой баяғы? Сұлу көрсе сергепдеңге түсетін жігіттер дайындала берсін, аукционға «Қазақстан аруы-2014» байқауының жеңімпазы Регина Вандышевамен кешкі ас ішу қойылып жатыр. Бүгінде Регинадан келісім алынған, бәрі - тастай.

Жарияға жар салынған іс-шара болғандықтан аукционның жалпыхалықтық деңгейде болғаны міндетті түрде ескерілуі керек. Сондықтанда, ұйымдастырушылар жігіттердің қанын қыздырар сұлу қызбен кешкі асты реттеп қоя салуды жөн көрмепті. Онысы дұрыс. Өйткені, сұлу жігіт көрсе, сілекейі шұбыратын қыз-келіншектер бар ғой бізде. Және олардың талғамымен ойнауға болмайды. Қысқасы, қазір Үкіметбасшысы Кәрім Мәсімовпен келіссөз жүргізіліп жатқан көрінеді. Әрине, Қажымқанұлымен қатар отырып, шәй ұрттау арзанға түспейді. «Алғашқы баға 300 мың теңгеден басталады», - дейді ұйымдастырушылар. Ал, енді аукционда кім ұтып, кім қоятынын бір құдай біледі. Жалпы жоспар осылай құрылса керек.

Бұл қайырымдылық аукционына, сондай-ақ, Олимпиада чемпионы Александр Винокуровтың қолтаңбасы бар жеңіл жейдесі, «Милан» футбол клубы ойыншыларың қолтаңбалары бар доп, ұялы байланыс операторларының VIP-нөмірлері аукционға қойылмақ.

Қайырымдылық аукционы деп аты айтып тұрғандай, түскен қаржы балаларға арналған ойын алаңдарын салуға жұмсалмақ. Одан сайын қуантағын нәрсе, ең бірінші ойын алаңы Қызылорда қаласына салынатын болып бекітілген. Сондықтанда, шәй ішуге таласушылар мейлінше көп болғанын қалап отырмыз. Бәсеке көбейсе, баға өседі емес пе?

А.ҚАРА

Қанша жерден «олай, былай» десек те кейде Ресейге қарап қызығасын. Ол жақта қалай екен, біз еліміздің демограф ғалымы Мақаш Тәтімовтің сөзін-ақ келтірейікші. «Салыстыр-

Жуырда Алматыда төртмен дүниеге келді. Төртменнен екі апта бұрын үшем дүние есігін ашты. Оларды құттықтауға барған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолова не дегенін

Төртмен туғаныңа түкірмейді

малы түрде қарар болсақ, біздің елде балаларға берілетін жәрдемақы Украинамен салыстырғанда 1,5 есе, Белоруссиямен салыстырғанда 2 есе, Ресеймен салыстырғанда 5 есе аз екен. Ресейдегі «аналық капитал» – 10 мың доллар. Егер әр бала туғанда 10 мың доллар берсеңіз, біздің ауылдағы әйелдер 10 бала табатынына кәміл сенемін», - дейді Тәтімов мырза.

Шындықтан аттап кете алмайсың, байлықтың ең ортасында отырғандағы сиқымыз осы. Ең масқарасы, үшем-төртмен туған аналарға да жағдай жасалмаған.

қарасаңызшы? «Бұлар тез арада очередьке тұрмаса, очередьке тұрады. Біз оны әрине, тездетіп қарастырамыз. Осының алдындағы үшемдердің барлығы пәтер алды деп айтпаймын. Себебі бұл көбірек болып тұратын жай болып отыр», - депті.

Аманжолованың сөзінен түсінгеніміз, Алматы үшем-төртменнен бас көтере алмай жатқанға ұқсайды. Сондықтан, шетінен үй таратуға шама жетпей жатқан болса керек. Сөйте тұра, үшемдерге пәтер беріліп жатпағанын айтады. Қысқасы, қазақ билігінің үшем-төртменіне түкіргені бар. Әйтпесе, ауызды қу шөппен сүртетін заманнан өтіп болдық қой!

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ «САЛТ АТТЫ» ДЕГЕН СӨЗДЕН ШЫҚҚАН»



Биыл – Қазақ хандығының 550 жылдығы тойланады. Айтулы мерекеге орай көптеген игі істер атқарылуда. Қазақ тарихынан сыр шертетін бірнеше сериалды кино түсіріліп жатыр. Сондай-ақ, рухани-мәдени іс-шаралардың талайының түңлігі түрілетінін естіп-біліп жатырмыз. Осы орайда «Алаш жолы» газетінің тілшісі белгілі шығыстанушы, ақын Серікбай Қосанмен сұхбаттасқан еді. Алматыдағы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымымен әңгіме қазақ тарихына қатысты зерттеулер жөнінде өрбиді. Әңгіме барысында зерттеушінің «Тәзкіре-и Бұғра хан» қолжазба кітабының тәржімесі туралы да сөз болды, назар салыңыз, құрметті оқырман!

3-бетте

БҮГІНГІ САНДА

ЖСА-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ НЕЛІКТЕН ЖИІЛЕП КЕТТІ?

4-бетте

ТІЛ АЖАЛЫ

5-бетте

«ҚАЙСАР» ҚАРҚЫНЫН ЕНДІ ҮДЕТПЕСЕ...

8-бетте

«Қой» дейтін қожа табылды-ау

«Арселор Миттал Теміртау» АҚ бас директоры Виджай Махадеванның жұмысшылардың жалақысын 25%-ға қысқарту туралы бұйрығын еңбек инспекциясы жарамсыз деп таныды, деп хабарлайды «Жақтау» металлургтер кәсіподағынан.

«12 тамыз күні мемлекеттік еңбек инспекторы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ еңбек ресурстары және еңбек қатынастары жөніндегі директоры Дмитрий Павловқа 2015 жылғы 4 тамыздағы №495 бұйрықтың күшін жою туралы ұйғарымды табыстады, себебі Еңбек кодексінің 11-бабының 3-бөлімі талаптарына сәйкес бұйрық жарамсыз болып та-



былды және қолданылуға жатпайды», - делінген кәсіподақ сайтындағы хабарламада.

Сонымен қатар «Арселор-Миттал Теміртау» басшылығына еңбек заңнамасын бұзғаны үшін 300 АЕК көлемінде айыппұл салынды.



«АЛТЫНДАР» АЙДАЛАДА ҚАЛДЫ

Биылғы ҰБТ-ның дауы енді басталғанға ұқсайды. Мемлекеттік білім гранты нәтижесі шыққан сәтте, көңілінде күдігі жоқ біраз жұрт есеңгіреп қалды. Анығын айтатын болсақ, елімізде 39 «Алтын белгі» иесі мемлекеттік грантка қол жеткізе алмаған. Қалай дейсіз ғой? Себебі талапкерлер көбіне бәсекелестік жоғары мамандықтарды тандайтын көрінеді. Мәселен, экономика, құқық, медицина, халықаралық және шет тілдері мамандықтарына тапсыратындар қатары өте көп. Сондықтан, көпшілігі мемлекеттік гранттан қағылуға мәжбүр. Яғни, «Алтын белгіге» грант жетпей жатқанда, 80-90 балл алған балаға түсіністік танытқан жөн. Біздегі жағдай осы. Дегенмен, мамандардың айтуынша, ондай талапкерлерге басқаша да мүмкіндік қарастырылған. Осы орайда, мамандар оқу орындарының басшыларымен келіссөздер жүргізіліп жатқандығын алға тартты.

«Әрине жыл сайын бұл мәселе кезігеді. Мәселен, университет ректорының, жұмыс берушілердің гранттары болады. Осы мәселе бойынша талапкер,

жоғары оқу орны және жұмыс беруші арасында үш жақты келіссөздер жүргізіліп жатыр», – дейді халықаралық қатынастар департаменті директорының орынбасары Гүлзат Көбенова.

Жалғыз «Алтын белгі» иегерлері емес, Оңтүстік Кореяда ғылыми жоба қорғағаны үшін 100 баллдық сертификатқа ие болған Арай Нұржанова атты талапкер де гранттан қағылған. Оның айтуынша, Еуразиялық университетке тапсырған бір түлек 89 балмен грантка өткен, ал, Арай 100 балмен қабылданбай қалған. Мұндай мысалдар және бірнешеу.

Айта кетейік, білім гранты төңірегінде қайғылы оқиға да кезікті. Мемлекет грантына қолы жетпей қалған Теректі ауданының тумасы өз-өзіне қол жұмсаған. Айгерімнің анасы Бақыт жалғыз қызының қаза болмастан бұрын өз есімін грант алғандар тізімінен таба алмағанын айтып отыр.

Айта кетейік, білім грантын иелену конкурсына 67 377 мың адам қатысса, мемлекеттік тапсырыс бойынша бакалавриатқа 32 168 грант бөлінген болатын.

Р.СӘРСЕНҰЛЫ

«ЖАЛМАУЫЗ КЕМПІРМЕН» ОЙНАЙМЫЗ

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай компьютерлік ойын жасалып жатыр. Жоба тарихты насихаттау мақсатында қолға алынған, деп жазады kazakh-tv.kz. Қобыланды батыр, Қорқыт ата секілді ұлы тұлғалармен қатар аңыз-ертегілердегі жалмауыз кемпір де ойында көрініс тапқан. Ойыннан қазақтың киіз үйін де жиі көруге болады. Компьютерлік ойынды жасау үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банк қолдау білдіріп, 72 миллион теңге бөлген көрінеді. Жоба бұйырса келер жылы қолданысқа берілмек. Егер көпшіліктің көңілінен шығып жатса, мобильдік нұсқасы да шығарылатын болады.

Жоба авторы қазіргі жастардың кітапханаға бармайтынын ескертіп, көпшілігі қажетті ақпаратты іздеуде ғаламтор көмегін пайдаланатынын айтты. Сонымен қатар, қазір компьютерлік ойындардың сұранысқа ие екендігі де жасырын емес. Ол туралы жоба авторы Әділбек Бисенбаев: «Мәселен, батыста ойын өндірісін дамыту арқылы, өз мифологиясын насихаттайды. Біз де осы әдісті пайдаланып, өз тарихымызды әлемге танытпақпыз. Сондықтан әлемдік деңгейдегі өте күрделі компьютерлік ойын түрін жасауды қолға алдық. Оны тегін және ақылы негізде де ойнауға болады», – дегенді айтты.

ЖЫНДЫНЫҢ САНДЫРАҒЫ КЕЛМЕСІН ДЕСЕК...

Қазақтың «шіріген жұмыртқаларының» бірі - Ермек Тайчибеков деген бар. Тараздың тумасы көрінеді. Осы Ермегіңізден естімегеніміз жоқ. «Қазақстанды Ресейге қосу керек» дейді, «Қазақстан Ресейдің губерниясы болу керек» дейді. Үйінде отырып айтса бір сәрі, орысшыл газеттерге сұхбат беріп, жарияға жар салатынын қайтерсің!

Байқауымызша, тайрандаған Тайчибековтың шаруасы тынған сияқты. «Қамшы» порталының дерегіне сүйенсек, Қордай аудандық сот тергеушісі әлеуметтік желілер мен интернет-порталдарды пайдаланып, «Қазақстан Ресейдің губерниясы болу керек» деп ұрандатқан Ермек Тайчибеков психикалық ауытқушылыққа душар болды» деген тұжырымға келген. Сондықтан, алқабилер тексеру нәтижелерін ескере келе, Тайчибековты Алматы қаласындағы стационарлы емдеу орталығына жатқызу (жындыхана) туралы шешім қабылдапты.

Енді мына маскараны қараңыз, Ермектің соңынан ерушілер молынан екен. Аталмыш оқиғаға қатысты әлеуметтік желілердегі бір топ белсенділер

Президенттің атына петиция жолдау үшін қол жинастырып жатқандығы мәлім болды. Талаптары – Тайчибековті психиатриялық ауруханадан босату. Енді қайтты? Жындыға еріп, жынды болғандармен алысамыз ба? Қой құрысын, олардың бәрін жындыханаға қамап, бағып-қаққанда келер пайда қайсы?

Тайчибеков өздігінен «жынды» боп отырған жоқ, біздіңше. Оны соған итермелеп отырғандар бар. Күрессек солармен күресуге тиіспіз, әйтпесе, Ермектер таусылмайды.

Қазақ айтады, «іштен шыққан жау жаман» дейді. Ұлтқа жаулық қылатындарды уақытында тәубесіне келтірмесек, кейін бармақ шайнап қалуымыз мүмкін. Ең қорқыныштысы, ондайларды билікте жүргендерден де кездестіруге болады. Ұлтқа қауіптісі – солар. Оларды санамалап жатпай-ақ қоялық, халық онсыз да біледі. Сондықтан, «жындының сандырағын келтірмеу» үшін әуелі солардан тазарып алғанымыз дұрыс.

А.ШЫНТЕМІР

Осы аптада Қытай ұлттық валютасының соңғы 20 жыл ішіндегі ең үлкен девальвациясын жасады. «Азаттық» кейбір экономистерден юаньның құнсыздануының Қазақстан экономикасына әсерін сұрады.

Тамыздың 11-і күні Қытайдың халық банкі юаньның АҚШ долларына шаққандағы бағамын 1,9 пайызға арзандатты. Келесі күні Ресейде доллар мен еуро қымбаттады. Биржалық сарапшылар Ресей валютасының құлдырауын мұнай бағасының арзандауы және Қытай халық банкінің юаньды девальвациялау шешімімен байланыстырады.

Азаттық кейбір қазақстандық сарапшыларға «Қытай юань әлсіреуі Қазақстан экономикасы мен теңге бағамына қалай әсер етеді?» деген сұрақ қойды.

Ораз Жандосов, «Ракурс» экономикалық талдау орталығы директоры: Юаньның әлсіреуі Қазақстан экономикасына да, теңге курсына да ешқандай әсер етпейді. Қай позиция жағынан алсақ та, біз Қытайға бәсекелес бола алмаймыз.

Пётр Своик, экономист: Әлемде мұнай бағасы арзандай бастайды. Қазақстан экономикасы бұдан да көп тоқырайды. Қазақстан шығынын көбейтуге мәжбүр болады, ал Қазақстанның төлем балансы тіпті нашарлай түседі. Меніңше, юаньның әлсіреуі - Қытайдың экономикалық емес, саяси шешімі.

Меруерт Махмұтова, Қоғамдық проблемаларды талдау орталығы директоры: Девальвация – Қытайдың экспорт позицияларын жақсартуға тырысқан амалы.

Бұл – экономика өсімінің баяулауымен күресу әдістерінің бірі. Бұлар – әлемнің ең ірі экономикалары арасындағы тартыс.

Ал біз үшін Қытай - минералды ресурстарымызды тұтынушы ретінде маңызды. Қытай экономикасы өсімінің баяулауы біздің шикізатқа деген сұраныстың азаюына ұласады. Ресей рублінің құлдырауы, мұнай бағасының арзандауы, Қытай экономии-

партаменті директоры: Қазір онсыз да рубльге шаққандағы теңге бағамы шамамен 25 пайызға асыра бағаланып отыр. Девальвация болуы мүмкін, бірақ бізде теңге бағамын біртіндеп түсіру сценарийі бар. Қатаң бақылауда ұстау арқылы таяу екі-үш жыл ішінде теңге жылына шамамен алты пайызға арзандайды. Бұл - біз үшін негізгі сценарий. Бізде девальвация

ЮАНЬ ДЕВАЛЬВАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕҢГЕСІ



касы өсімінің баяулауы және юань бағамының түсуі теңге курсына әсер етеді.

Мұның бәрін ескерсек, Қазақстанды қиын заман күтіп тұр, экономика өсімі баяулап, экспорт пен импорт көлемі азаяды, сондықтан жағдай мәз емес. Девальвация салқыны былтыр күзде Ресей рублі құлдыраған кезде сезілген. Қазір елдің алтын-валюта қорын оңды-солды аямай жұмсап жатырмыз. Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес.

Сәбит Хакімжанов, HalykFinance зерттеу де-

жүргізу қарастырылған жанама сценарийде бар. Меніңше, юаньның құнсыздануы - бүкіл проблеманың басы ғана, өйткені Қытайдың жағдайы мәз емес. Қытаймен бәсекелесуге қауқарсыз екеніміз баяғыдан белгілі. Біз үшін екі пайыздың мәні жоқ, ал олар үшін екі пайыз өте үлкен рөл ойнайды. Рубльге шаққандағы проблемаларымыз 25 пайыз, сондықтан бізді екі пайыз құтқара алмайды.

«Азаттық»радиосы.



Шығыстанушы ғалым, ақын

Серікбай ҚОСАН:

«ҚАЗАҚ» АТАУЫНЫҢ ТҮП-ТӨРКІНІ «САЛТ АТТЫ» ДЕГЕН СӨЗДЕН ШЫҚҚАН»

беріліп жатқанда, «5000 қой, 500 жылқы, 200 түйе сойды» дейді. Басқа түркі халықтарында мұндай дәстүр сирек кездеседі. Сондықтан біз мұны қыпшақ тайпаларына, әсіресе, қазақтарға тән сипат ретінде қарастырып отырмыз. Қолжазбаның 73-парағында, Сатұқ Бұғра хан ұлдары Әзіреті Хасан Бұғра ғазы, Әзіреті Есен Бұғра ғазы, Әзіреті Хұсайын Бұғра хан ғазы үшеуі көп әскер жинап, діннен ажырай бастаған Түркістан қаласына аттанғаны баяндалған. Мұндай қаһарлы әскерден қорыққан Түркістан халқы түгелдей жиналып, Падишахтың аяғына жығылады. Ахмет Йасауидің қасына келіп тұрап қылады. Ас-су беріп, Қатым Құран қылып, сауабын шаһидтерге бағыштайды. Әзіреті падишах сол жаз бен қыста тұрып, Ташкент пен Түркістанды бағындырып, жыл соңында Әзіреті Сұлтан Ахмет Йассауи падишахтың жиені Бүбіше Мәриәм ханымды алып, барлық әскерімен аттанады. Осы бір ғана үзінді деректің өзі атақты Түркістан шейхінің әншейін сопы-дәуіштердің пірі ғана болмағандығын аңғартады. Тегінде сұлтан, падишах сынды жоғары мемлекеттік лауазымдар кез-келген мәртебелінің маңдайына жазылмайтыны былай тұрсын, күллі ислам әлемінің тарихындағы мыңдаған дін иесі – машайх, сопы-мүршид, ұлық дәуіштердің бірде-біреуі «сұлтан» немесе «падишах» аталған емес. Ал, «Тәзкире-и Бұғра хан» қолжазбасында Йасауидің «падишах» мәртебесінде көрінуі қазақ тарихшыларына тың ой салуы тиіс. Біздіңше жасы орталанып, белгілі себептермен таққа өмірге бет бұрғанға дейін Қожа Ахмет Йасауи Түркістан уәлаятының яки, сахарада бой көтерген қандай да бір түркі қағандығының әмірші-сұлтаны болуы ғажап емес.

- **Ахсак Темірдің Йасауи кесенесін салдыруы жайында қандай деректер бар?**

- Ахсак Темір өз мемлекетін, яғни Мәуренәһр қалаларын көшпелі жауынгер тайпалардың шабуылынан қорғау үшін және көршілес елдің тұрғындарын Йасауи секілді ірі діни әрі ықпалды тұлғаның жәрдемімен жауасыту үшін осы бір арнайы діни киелі орын ашуды жоспарлаған деген жорамал бар. Шынында да, қазақ халқы мың жыл бойына жиһангер Әмір Темірдің өзі де пір тұтқан Түркістан әулиесінің қасиетіне риясыз сеніммен қараған. Күмбезі көкке таласқан кесенені 1390 жылдары ирандық үздік ұсталарды алдыртып, соларға салдырған. Қытайға қарсы жорыққа аттанған Әмір Темір жарты жолда қайтыс болып кетеді. Сондықтан кесененің толықтай бітпей қалғаны да тарихтан белгілі.

- **Түркі халықтарының түбі қазақтан тарайды деген жорамал қаншалықты рас?**

- Бұл сауал әлі күнге шешімін тапқан емес. Сыр бойындағы Сауран, Сайрам, Жанкент, Шірік-Рабат, Жеті Асар, Сығанақ, Жент сияқты көптеген қала маңдарында зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ондағы қазба деректері көне шаһарлардың біразы оғыздарға тиесілі екенін аңғартады. Негізінде, бұл өңірде көптеген түркі тайпалары мекендеген. 100 жылға созылған соғыстар кесірінен қалалар қирап, қазақ тайпалары бірыңғай көшпелілікке бет бұрған. Десе де, қазақтар жартылай отырықшылықты сақтаған ел. Себебі, біздің тіліміз отырықшы мәдениетке тән тілдік нормалармен ғана емес, аса бай лексикалық қорымен ерекшеленеді. Оның үстіне, қазақтардың байлығы ауызекі әдеби тіліндегі көптеген заттық атаулардан қала өркениеті белгілері айқын көрініс тапқан.

- **Осы тұста көне жазба мұраның қазақ тарихына қатысты қырларына тоқталсаңыз...**

- Сұлтан Сатұқ Бұғра ханның ислам діні тарихында маңызды қызмет атқаратыны туралы ұлық Пайғамбарымыздың хадисінде айтылған деседі. Сол хадис бойынша «Түркілерден алғаш кім мұсылман болады?» - деген сауал қойылады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Миграж сапарында көкте бір адамның рухын көреді. Алла Елшісінің достары «Ол кім болды екен» деп сұрайды. Сонда Расул: «Мен оның кім екенін білем, қажет деп тапсаңыздар көздеріне көрсетейін»,

– дейді. Пайғамбар дұғасын оқығанда, алыстан бір кісінің сұлбасы көрінеді. Жақынырақ келгенде қараса, сондай салтанатты киінген, киіз қалпақты, қара қасқа арғымақты адам екен. Сонда, пайғамбар «Міне, мына кісі Түркістанға дін тарататын», – деген екен. Бұл хадистің қаншалықты сенімділігі бір Аллаға ғана аян. Бірақ, аталған қолжазба кітапта осындай дерек жазылғандықтан, біз ол жайлы «Тәзкире-и Бұғра хан» тәржімесінде келтірдік. Бұғра хан әулетінің Бура аталу себебін кейінгі тарихшылар Тама руымен байланыстырады. Ол рудың ұраны – «Қара бура» екендігі белгілі. Қазаққа түйенің пірі – Ойсылқара. Абылай ханның пірі – Бура болуы, Қорқыттың, Арыстан баптың, Асан қайғының желмаясы, Райымбек батырды жерлеген жерге түйесінің шөгуі – осының бәрі Бура ұғымының киелілігімен түсіндіріледі. Бұғра ханның рухани ұстазы Уәйс әл-Қаранидің аты-жөні де осы түйе түлігімен байланысты екендігі жазылып жүр. Яғни, «Ойсыл қара» сөзі Уәйс әл-Қарани есімінен шықты деген болжам бар. Жалпы, Бұғра ханның ұрпақтарын Қарахан әулеті деп атайды. Олардың билігі кезінде әлемдік ақыл-ой маржандарының қатарында саналып, «Түркі Шаһнамасы» аталған Жүсіп Баласағұнның «Құттық білігі», түркі халқынан шыққан тұңғыш энциклопедист – ғалым Махмұт Қашқаридің «Түркі сөздерінің жинағы», Ахмет Йүгүнекейдің «Ахикат сыйы», озық ойшыл, Түркістан Пірі, ғұлама ғалым әрі ақын Ахмет Йасауидің «Хикметтері» дүниеге келді. Түркі дүниесінің төрт дінгеіне айналған осынау рухани байлықтың қайнар бұлағы Сатұқ Бұғра хан әулетінен бастау алады. Қарахан әулетінің негізін салған Сатұқ Бұғра ханның қолжазбалары туралы қазақтың алғашқы оқымыстыларының бірі Ш. Уәлиханов та жазған болатын. Зерттелмей жатқан мәселелердің бірі осы. Өз тарихымызды әдетте біз, сақ, ғұн, түркі тайпаларымен байланыстырамыз. Бізге жақыны Сұлтан Сатұқ Бұғра хан екенін айтқанымыз жөн. Бұғра хан жайлы жазбалы Қашқария сапары барысында тауып, елге жеткізген де Шоқан болатын. Ол Түркістан өлкесіне 1858 жылы Ресей патшалығының арнайы тапсырмасымен барады. Сол барғанда, Қашқардан көптеген тарихи-мәдени деректер тапқан. Сол уақытта Әлімбай деген көпестің атын жамылып жүріп, қиын-қыстау замандарда сирек қолжазбаларды елге әкелді. Біздің аударып отырған кітабымыздың маңыздылығы сонда, ол – Шоқан Қашқардан әкелген қолжазбалардың бірі болып табылады. Өкінішке орай, әлі зерттелмей жатқан жайттар көп. Біз тәржімелеген «Тәзкире-и Бұғра хан» осы бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі десек, қателесе қоймаймыз. Жалпы, Қазақ хандығының тарихына қатысты деректі қолжазба кітаптар өте сирек кездеседі. Мысалы: Қ.Жалайридің «Жамиғат тауарих», Бабырдың «Бабырнамасы», Әбілғазы баһадүр ханның «Түркілер шежіресі» кітабы, т.т. Бірақ, осы кітаптарда қазақ туралы мәліметтер аз. Қазақ тарихы туралы әлі де іздестіру қажет болады. Зерттеулер, қолжазбалар мен жылнамалар көбіне парсы тілінде сақталған. Араб, парсы, қытай тілдеріндегі көптеген қолжазбалар игерілмей жатыр. Тіл білетін мамандардың барлығының ғылым саласын тандамайтынын ескерсек, деректерді аудару үшін тіл мамандары керек. Оның үстіне, мұрағатты актарауға көпшілігі бара бермейді.

- **Қазақ хандығының 550 жылдығына қандай сый тарту етпексіздер, яғни қандай тың кітаптар оқырманға жол тартады?**

- Институт ғалымдары қазіргі таңда Қожамқұли Бек Балқидің «Тарих-и Қыпшаки» атты 1000 бетті құрайтын атакты шығармасын аударып жатыр. Бұл алдағы 3 жылға бекітілген, онда Ираннан келген ғалымдармен бірлесе жұмыстар атқаруда. Ежелгі және орта ғасыр бөлімі алдағы уақытта Қазақ хандығы тұсындағы жыраулар поэзиясы, жалпы тарих көрінісі жайында үлкен конференция өткізуді жоспарлап отыр. Қазақ арасынан шыққан ақын-жыраулар мұрасында Қазақ хандығы жайында не айтып, нендей өсиет қалдырды, міне, осы жайында тереңдетіп айтатын ғалымдар қатысады деген ойдамын. Жалпы, осы кезде тарихтың 5 томдық,

10 томдық кітаптары жарыққа шығып жатыр. Бірақ, олардың ішінде де нақты дереккөздердің аздығы әлі байқалуда.

- **Қазақ хандары арасында тарихы бұрмаланып, өз бағасын таба алмай жүрген хандар бар ма?**

- Негізгі ауытқушылықтар бар, олардың орнын толтыруға тиіспіз. Ол жайында көптеген ғалымдар тынбай еңбек ету үстінде. Жәңгір хан болған кезде, оны Исатай мен Махамбеттер шапты. Осылайша Махамбет өлеңдерінде Жәңгір тұлғасы басқаша сипатталды. Халық та солай қабылдады. Әйтпесе, Жәңгір хан мемлекеттік рәміздер жасаған, мектеп ашқан, ғылым-білім, ел экономикасын нарықтық жолға қоюға алғаш ден қойған ірі қайраткер тұлға. Мұндай жаңалықтар бұрын қазақ тарихында мүлдем болмаған. Оның үстіне Жайықтың арғы беті бұрындары қазақтың жері болғанымен, кейін қалмақтар иелік етті. Мұны Әбілхайырдың өзі орыстарға жазған хаттарында:

«Жайықтың суы кепкенше, Ақыр заман жеткенше, Жайық қазақтікі болуы тиіс!» – дегенді қадап айтады.

Қазақ жерін қорғап, оның шекарасын кеңейтуге өлшеусіз үлес қосқан баһадүр ханның бұл өсиетін оның баласы Нұралы, Ерәлі хандардан кейін немересі Бөкей хан мен шөбересі Жәңгір хан жүзеге асырды. XIX ғасыр басында қазақтың өзге хандары қожырай бастағанда Бөкей хан Ресей патшайымынан Жайықтың арғы бетіндегі құба қалмақтан босап, ұзақ жыл тусырап жатқан құнарлы өлкені табанды түрде талап етіп, ақырында сол салқар өлкеге салуалы ордасын тікті. Жәңгір мектебінде жүздеген дарынды қазақ балалары оқыды. Ол мектеп кешегі Кеңес үкіметі дәуіріне дейін ұзақ уақыт қалың қазаққа қызмет етіп, көп іс тындырғаны мәлім. Бірнеше тілді меңгерген оқымысты қазақ ханы ұлтымыздың арасында алғаш рет Қазан университетінің құрметті профессоры атанды. Жәңгір ханның білімге, ағарту ісіне Ыбырай Алтынсариннен 20 жыл бұрын бет бұрғанын байқауға болады. Дінді тарату, мектеп ашып, балалардың сауатын ашуы Жәңгірдің «жәдидшілдік» тарихының бастауында тұрған терең саясат иесі екендігіне нақты дәлел деп ойлаймын. Батыс Алашорданың осы хан ордасында құрылуы да жайдан-жаңды болмаса керек-ті. Алғашқы ұлттық қазақ газеттері де осы өңірде ұйымдасты. Жәңгір хан мектебін бітірген Айжарық Айтілеуұлы, Мұхаммед-Салық Бабажанов, Бақытжан Қаратаев, Мақаш Бекмұхаммедов, Шәңгерей Бөкеев, Халел Досмұхамедұлы, Ғұмар Қарашев, Бактыгерей Құлманов, т.б. көптеген қазақ зиялыларының есімі – бүгінгі күллі қазақтың мақтанышы.

- **Қазақ тарихын шынайы көрсететін кино түсіре алмай келеміз. Сіздіңше, біздің ұлттық киноға не жетіспейді?**

- Жалпы, қазақ деген сөздің өзі «еркін, салт атты» деген сөзден шыққан. Тіпті, орыстың «солдат» деген сөзі осы сөзден шығуы мүмкін. Орта ғасырда қазақтар қандай болды деген сауал кинода көрініс табуы керек. Бұл жақсы идея, көптен бері айтылып та жүр. Қазір эфирдің бәрін өзге елдердің керексіз кинолары жаулап алды. Бізде де кино түсіріліп жатыр. Бірақ, онда көптеген олқылықтар орын алуда. Мысалы: Абылай хан мен оның достарын қарасаң, түгелдей жетім бала, атақты Байжан бидің баласы Сартай батырды қарасаң, ол да – жетім ұл. Қазақ дәстүрінде жетім мен жалғызды жауға салмайды.

«Қанша батыр болса да

Жауға салма жалғызды», – деген дана сөз соны аңдатып тұр. Қазақ жетім балаға қол бастатпаған. Меніңше, кинода осындай мәселелер көркемдік кеңесте мұқият қаралып, талқыға салынуы керек, яғни, біртуар батыр, билер мен хандардың бәрін жетім қылмай, текті, көргенді үлкен әулеттен тарағаны айқын көрсетілуі абыз. Жетім мен жесірді, кейде-кепшікті әспеттеу – Кеңес қоғамының сарқыты. Киноны шындыққа жанастыру жағы жетіспей жатқан секілді. Айтатын болсақ, Сартайдың әкесі Байжан ол кезде тірі болған. Оның үстіне Сартай соғыста өлмеген. Айтқандай, «Көшпенділер» киносындағы Абылайдың досы Ералы өз заманындағы Абылаймен тең дәрежедегі адам – төре тұқымынан болған. Ал, кинода жай қарадан шыққан етіп көрсетеді. Біз киноны қазақ хандары тұсынан бастауымыз керек. «Қазақ – ноғай айырылған» деген сөз бар, оқиға бар. Болған уақыты 1598 жыл делінеді. Осы оқиғаға байланысты Ш.Уәлиханов «Алатайдай бүлінді» деген белгілі тарихи сөз тіркесіне талдау жасаған. Бір жолы түн ішінде жоңғарлар мен ноғайлардың қосыны кездескелі жатқанда, желідегі байлаулы ала тай босанып кетіп, бүкіл жылқы үркіп, ноғайлар «жау келіп қалды» екен деп қашып, жеңіліс тауып, көп қырылған екен деседі. Ел арасында «Сауран айналған» секілді аңызға бергісіз әңгімелер бар. Осындай оқиғалар кинодан орын алса, өнерде үйлесімділік, тарихта шынайылық басым болады.

- **Әңгіменізге рахмет!**

Сұхбат құрған Рыскелді ЖАХМАН

ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫ НЕЛІКТЕН ЖИІЛЕП КЕТТІ?

Қазақстан жол-көлік оқиғалары салдарынан орын алатын өлім-жітім көрсеткіші бойынша Орталық Азия елдері арасында қазір бірінші болып келеді. Бұл туралы жуырда CA-News хабарлады. Нақтылағанда, республикада әрбір 100 мың адамның 30,6-сы жол-көлік оқиғаларынан көз жұмады екен. Екінші орындағы Қырғызстан 22,8 деген көрсеткішке ие. Үшінші орындағы Түрікменстанда – 18,6 болса, төртінші орындағы Тәжікстанда – 18,9. Ал Өзбекстанда бұл көрсеткіш бәрінен төмен. Мұнда әрбір 100 мың адамның 11,32-сі ғана көліктің құрбаны болады.

Басқаны қоя берейік. Қызылорда облысын ғана алайықшы. Өткен 7 айда 203 жол көлік оқиғасы орын алып, соның салдарынан 51 адам қайтыс болған. 249 адам дене жарақаттарын алған. Сұмдық қой! Біз Қызылорда облыстық ішкі істер департаментіне сауал жолдаған болатынбыз. Неліктен мұндай қайғылы оқиғалар көбейіп кетті? Басты себеп қандай? Бұл сұрақтарға департамент басшысының орынбасары Ж.Оспанов жауап берді.

- 7 айдағы көрсеткішті өткен жылдың осы мерзімімен салыстырып қарасақ, жол апаттарының саны 2,5 пайызға азайды. Десе де, жарақат алғандар саны 0,8 пайызға өсті, ал қаза болғандар 3,8 пайызға төмендеді.

Жол көлік оқиғаларының өсім алу басты себептерінің бірі - облыс көлеміндегі автокөлік паркінің қарқындап өсуі. Айталық, тек соңғы 10 жылда (2005-2015 ж.ж.) облыста автокөлік саны екі жарым есеге өсім алып, қазіргі таңда 142 мыңды құрап отыр (2005-64241).

Сондай-ақ, күрделі мәселелердің бірі – қала көшелерінде орналасқан мейрамханалар мен кафелердің жанында автотұрақтардың болмауы жол бойында кептелістердің пайда болуына және жол-көлік оқиғаларының орын алуына әкеліп соқтыруда. Бұл жөнінде, Қызылорда қаласының әкімдігіне мердігер мекемелерімен құрылыс нысандары мен ойын-сауық орындарын салу кезінде ҚР Құрылыс нормалары мен ережелерінің сақтау жөнінде (3.01-01-2008 ж) хабарламалар мен ұсыныстар жолданды, тиісті шаралар атқарылуда. Сондай-ақ, – кейбір қала көшелерінің талапқа сай салынбауы (тарлығы) да өз әсерін тигізіп отыр. Бұл мәселеге байланысты Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен үнемі жолдар зерделеніп, анықталған кемшіліктерді жоюға жол және коммуналдық мекемелеріне 484 ұйғарымдар жолданып, нәтижесінде ұйғарымдардың талаптарын орындамаған 56 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.



жаяу жүргінші қоршауының, тротуардың немесе жарықтың болмауы салдарынан болып отыр. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілердің жол бойымен жүруі, жолдың кез-келген жерінен кесіп өтуі және кейбір көшелердің жарықтандырылмауы - себеп. Мысалға, орын алған жол апаттарының әрбір үшіншісі жаяу жүргіншілердің қатысуымен, яғни, жүргіншілердің өз кінәсінен орын алған.

Бүгінде облыс орталығында, 2 жол үсті жаяу жүргінші өтпелдері салынып, жаяу жүргіншіге қатысты жол-көлік оқиғасының азайғаны байқалады. Апаттылық жағдайлары зерделеніп, нәтижесімен тағы 8 жол үсті өтпе көпірін салу жөнінде біздің тарапымыздан ұсыныс келтірілді.

Жолдағы апаттардың басым көпшілігі адам факторына байланысты. Талдау көрсеткендей, ауыр зардаптағы жол-көлік оқиғалары ол жылдамдықты шамадан асыру, жаяу жүргінші өткелдерінен өту және жол қиылысынан өту, басып озу тәртіптерін бұзу, қарсы бағытқа шығып басқару себептерінен орын алуда. Осы

ретте, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің жаңа нормаларын қолдану практикасын арттыру бағытында жыл басынан біршама жұмыстар атқарылуда және олардың оң нәтижелері берілуде.

2015 жылдың 7 айында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында 64756 жол қозғалысы Ережелерін бұзғандарды анықталса, оның 43289

СОРА ӨСІРГЕН СОРЛАЙДЫ

Республика аумағында 2015 жылдың 01 маусым – 30 қазан аралығында жүргізіліп жатырған «Көкнар» жедел-профилактикалық шарасы барысында қызылордалық полицейлер Арал ауданы, Жіңішкекүм елдімекенінен шығысқа қарай 45 шақырым жерде есірткі затына ұқсас өсімдік өсіп тұрған 5 алқапты анықтады.

Ағымдағы жылдың 29 шілдесінде сағат 21.30 шамасында өсіруге заңмен тыйым салынған 3704 түп сора өсімдігін күтіп-баптап жатырған жерінен 57 жастағы, 45 жастағы және 32 жастағы үш аза-

мат ұсталды. Тексеру барысында, аталған өсімдіктің жалпы салмағы 3 тонна 333 кг-ды құрайтындығы белгілі болды.

Сонымен қатар, сезіктілердің жатын орындарына тінту жүргізу кезінде, аталған аумақта орналасқан күркеден жалпы салмағы 28 кг-ды құрайтын 77 түп кептірілген сора өсімдігі табылды. Анықталған айғақ заттарға психотроптық заттар мен прекурсорларды зерттеу сот-сараптамасы тағайындалды.

Қазіргі таңда, аталған үш азаматтың үстінен Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 300-бабы, 1-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Үш азамат та уақытша ұстау абақтысына қамаққа алынды.

Қызылорда ОИД баспасөз қызметі





Тәңірберген Ұлықбек Бекұзақұлы 1990 жылы дүниеге келген. Арал ауданының тумасы. Өлең жазуды мектеп қабырғасында жүріп бастаған. 2009-2014 жылдар аралығында Республикалық тәуелсіз апталық «Халық» газетінде тілші, Қызылорда «Қоғамдық Телеарнасында» редактор және Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы «Жастарды қолдау орталығы» МКМ Байқоңыр қалалық бөлімінің аға кеңесшісі болып қызмет атқарған. Облыстық, республикалық жыр сайыстарының жүлдегері. Орал қаласында өткен Алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамедовтың 110 жылдығына арналған мүшәйрада 3-орын, Арал қаласында өткен «Қарақұм құрылтайына 300 жыл» жыр бәйгесінде 1 орын, Қалжан ахунның 150 жылдығында өткен акындар мүшайрасында бас жүлде, 2014 жылды Талдықорған қаласында өткен «Жыр қағаны – Жұматай» атты республикалық жыр бәйгесінде 3 орынды иеленген. Өлендері облыстық, республикалық басылымдарда жиі жарияланады. Сонымен қатар, Ұлықбектің сөзіне жазылған әндер де республикамызда кеңінен шырқалып жүр.



ЛӘЙЛІМГЕ

Сен кеп ең жоқ болды бар қайғым,
Мен ғана бақытты жандаймын.
Мамырым секілді гүлге орап,
Тәңірім сыйлаған Ақ Ләйлім.

Сен қолда құндаққа орана,
Мен әке, ал жарым боп ана.
Шіркін-ай, бұл сәттің қызығын,
Сөзбенен жеткізіп бола ма?

Сәбидің үілі, сазы құт,
Ақ арман, ақталып наз үміт.
Әжең жүр шаттықтан нұрланып,
Тарқаған жан шері жазылып.

Жүзінің кіргендей рас әрі,
Жанары шұғыла шашады.
Май гүлін жиғандай күлімдеп,
Құшақтап кеудеге басады.

Қылығың туралы айтамыз,
Біз үшін болған әр жайт аңыз.
Майлаған, сылаған сәтінде,
Деп тұрам «әжесі, байқаңыз!»

Әрине бұл сөздер ішімнен,
Мені де суға өйтіп түсірген.
Ақ әжең біздерді сояды-ау,
Болса егер ойымды түсінген.

Тілеймін саған мұң жетпеуін,
Өзіңсің жайдары көктемім.
Ұғынар ма екенсің сен ертең,
Атаңның түйе іздеп кеткенін...

Сен кеп ең жоқ болды бар қайғым,
Мен ғана бақытты жандаймын.
Иманды, ибалы қыз болғай,
Тәңірім сыйлаған Ақ Ләйлім!

ӘДІЛДІ ІЗДЕУ (ӘДІЛ БОТПАНОВҚА)

Қайтар құстан қайран жоқ,
Келерінен сұрармын.
Сен жайында байлам көп,
Кімді қалай ұғармын?

Өлді дейді біреулер,
Білмей тұрып еш сырды.
Айтатұғын шын ерлер,
Естелік те ескірді.

Демі бітіп сөз өлмек,
Сезімсізге дарымас.
«Тірі» десем өзеуреп,
Жұрт сенбесі тағы рас.

Ертіп жұмбақ еліне,
Тылсым сыйлап көп үміт.
Кетті ме екен сені де,
«Қара қыздың» желі ұрып.

Мәймөңкелер күлгенде,
Безіп бетсіз қоғамнан.
Көкті аңсап жүргенде,
Өзі жүлдыз боп алған.

Өмірзая ағам ау,
Шолпан болып тусаңшы.
Өңшең «жұлдыз» талады-ау,
Соның бәрін қусаңшы.

Қайғы сыйлап, сарғайтып,
Өлендегі ұл-қызға.
Жүре бермей кел қайтып,
Не бар, Аға, жүлдызда!?

ГҮЛ ҒҰМЫР

Күлімдеп қыз көктем келгенде,
Көзінде бір үміт күлетін.
Ісі жоқ айнала елмен де,
Бір кісі гүл егіп жүретін.

Гүлдері шыққанша жан салып,
Су құйып, жерін де баптайтын.
Қарайды гүліне тамсанып,
Әйтеуір бір тыным таппайтын.

Сол кісі гүлдерге тым құмар,
Бірақ та жұмбақтау жасынан.
Ал, тілін тапсаңыз жыр қылар,
Содан соң кетіп көр қасынан.

Бар дейді әр гүлдің қылығы,
Шамасы ол - өзіндік пайымы.
Өзгеден өзгеше ұғымы,
Гүл ғана оның бар уайымы.

Айтқанын өзіміз ұқсақ деп,
Айырылдық сабыр мен төзімнен.
Қолыңмен ұстауға рұқсат жоқ,
Тұрғаның аялап көзіңмен.

Хан түгіл аяулы қыз көрсе,
Бір тал да гүл бермес, байқарсыз...
Ал, жазы тәмам боп күз келсе,
Бітті. Бұл батырың қауқарсыз.

Барлық мұң өзінде бар қайғы,
Жүрегі керек-ті езілсе!?
Жебір күз гүлдерін жалмайды,
Әрине, атайдың көзінше.

Аяусыз торлайды жанын мұң,
Басталар күндері тірі өлік.
Жай табар кезі сол шалыңның,
Ұйықтаса түсіне гүл еніп.

Жүзіне мұң бұлттың жабатын,
Күзіне тым қатты өкпелі.
Жаны бір жадырап қалатын,
Шіркін-ай, келсе екен көктемі...

СӨЗ
ПАТШАСЫ



Мезгілдің көретін бәрін бір,
Ақынның серігі - өлеңі.
Гүлдерін аңсаған шалың жүр,
Оның бар қызығы сол еді...

ШҰБАЙҚЫЗЫЛ. ҚАСИДА...

Көрмеген жерге жыр жаздық көңіл
көзімен,
Мактансақ көп қой қазақтың әйбат
мекені.

Шұбайқызылым, шерлі екен сенің
шежірен,
Сыр тартсақ, анық, гүл кеуден сайрап
кетері.

Кекілін ауыл самалы тараған ұлмыз,
Атыңды естіп Шұбайым, біз қалдық
елтіп.

Шығатын күнді сағынып қалада
жүрміз,
Қызғалдақ өскен қырларға қыздарды
ертіп.

Даланың дархан көргесін жаһұтын
дара,
Қызғаныштан ба, Кауфман «өрт іштік»
деді.

Аты қап қойған Грейтін бақытын қара,
Сүйсіндірмесе Оңтүстік - оңтүстік пе
еді?!

Табиғатпенен жиырма күн күресіп
өлмек,
Біздің Сырда да сарғалдақ сансыз көп
еді.

«Қызғалдақты елге* қазақтың үлесі
мол» деп,
Беатрикс* айтқан сөзді кім мәнсіз деп
еді?

Жараспас жанға жыр айту қатемен елге,
Ақиқат жолдан келмейді арымды
айнытқым.

Әлпештеп басқа ел төрінде
мәпелегенде,
Қадірін білмей жүрміз-ау, қалың
байлықтың.

Шайырларыңды жасытпа, дәл
бұрынғыдай,
Шұбайқызылым, жырыммен жылылық
төктім.

Өзің деп қозғау жүректің әр қылын
бұлай,
Бітпесе керек сөзімен бір Ұлықбектің.
Кеш біліп сені шәйірің кеш өлең өрді,
Ардақтай берер өзіндей жұртым

асылын.
Қасиетінді ұқпаған кеше гөр елді,
Бұрымы гүлді бір қызы Түркібасының...

Ұлықбек ТӘҢІРБЕРГЕНОВ

* Нидерланды корольдігі
* Нидерланды ханшайымы
Грейт, Кауфман - ғалымдар



ШЕБЕРЛІКТІ КӨТЕРЕМ ДЕСЕҢІЗ

Халықтың дене бел-қуәландыратын құжат (жеке басенділігінің жоғары дәрежесі мен саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерін қолдау арқылы оларды спорт пен дене шынықтыруға жұмылдырудың өзектілігі айқын. Бұған өз кезегінде спорттың ұлттық және дәстүрлі түрлерін дамыту ба-рысында қол жеткізуге болады. Өйткені, ұлттық спорт – спорттың олимпиадалық түрлерінің өкілдері үшін үздік селекциялық қор не-месе «қызық үшін қатысатын үйірмелердің» бірі ғана емес, ол біздің ұлттық салт-дәстүрімізді сақтауға және дамытуға қажет мәдениетіміздің атаулы бөлігі. Бір жағынан спорттың бұл түрлерін сақтап, дамыту барысында мем-лекет адамдарға таңдаудың мол мүмкіндіктер мен қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Осы орайда, ХҚКО арқылы «Екінші және үшінші раз-рядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разряд-тар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санат-ты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы» мемлекеттік қызмет көрсетіледі. Оның ішінде 1,2,3 спортшы разрядын беру үшін төмендегідей құжаттарды орталыққа тапсыруы қажет.

1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын

2) бастапқы спорттық ұйымның мөрімен және қолымен расталған қолдау хаты;

3) спорт түрі бойынша облыстық федерацияның мөрімен расталған облыстық және (не-месе) қалалық жарыстар, спорт түрі бойынша облыстық федера-ция болмаған жағдайда, облыстық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен расталған жарыстар не-месе аудандық, қалалық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен расталған аудандық жарыстар хаттамаларының көшірмелері;

4) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде – жеке тұлғаның уәкілетті өкілінің жеке басын қуәландыратын құжат және өкілдікке өкілеттігерді қуәландыратын құжат (жеке ба-сын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

Құрметті оқырмандар толық ақпарат алу үшін жергілікті ХҚКО жүгінуіңізге және 1414 бірінғай байланыс орталығына тегін қоңырау шалуыңызға болады.

С.САЙРАНОВА,
Жалағаш аудандық бөлім
инспекторы

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға қажетті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер алуға қолжетімділікті қамтамасыз ету – бұл біздің алдымызда тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда ХҚКО «Мобильді ХҚКО» жұмысын іске қосқанын баршаныз білесіздер. Аталмыш қызмет өз жұмысының жемісінде беріп келеді.

Мобильдік ХҚКО шығу қызметі тек қана 1 және 2-топтағы мүгедектерге көрсетілетіндігін атап өту керек. Аталған азамат-тар санаты call-орталыққа 1414 нөміріне хабарласып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтінім бере алады, ол 5-7 минут

Мүгедектерге үйде қызмет көрсету қызметі ел игілігі үшін!

Бұдан кейін қызметкерлер өтініш берушімен байланысып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізімін ұсынады және өтініш берушіге келу үшін барынша қолайлы уақытты белгілейді. Мобильдік топ өтініш берушінің үйіне 72 жұмыс сағаты ішінде барып, құжаттарды қабылдауды және беруді жүзеге асырады.

Сол сияқты, өтініш беруші келіскен жағдайда және оларда интернет желісіне қол

жетімділігі бар дербес компью-тер болса, ХҚКО қызметкерлері электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға үйретеді.

Осыған орай Жалағаш аудандық бөлім қызметкері ар-найы белгіленген тапсырмаға сәйкес әр бір мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үйіне барып қызмет көрсетіп келеді.

Н.СҮЛЕЕВ,
Жалағаш аудандық бөлім
инспекторы

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Халыққа қызмет көрсету орталығы» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалында барлық қалалық және аудандық бөлімдердің мемлекеттік тілді дамытуға жауапты тұлғаларының қатысуымен облыстық семинар өткізілді.

Аталған семинарда мемлекеттік тілді дамы-ту бағытында атқарылған жұмыс нәтижесі сара-ланып, алға қойылатын міндеттер белгіленді. Со-нымен қатар шара аясында «Қазақ хандығына 550» жыл тақырыбындағы шығарма жазу байқауы қорытындыланып, байқау жеңімпаздары мара-патталды. Байқау қорытындысы бойынша Шиелі аудандық бөлімінің инспекторы Г.Қойшыбаева І орынды, Жалағаш аудандық бөлімінің инспекторы

А.Бисенбай ІІ орынды, Қызылорда қаласының № 1 бөлім инспекторы Н.Файзуллаева ІІІ орынды ие-ленсе, ал Байқоңыр қалалық бөлімінің инспекто-ры А.Ескалиева, Жаңақорған аудандық бөлімінің инспекторы Ж.Тажибаева, Қызылорда қаласының № 2 бөлім инспекторы Ш.Құтпанова ынталанды-ру сыйлығына ие болды. Барлық жеңімпаздарға ди-пломдар, алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Бұл орайда Филиалда Қазақ хандығының 550 жылдығына орай барлық бөлімдерде іс-шаралар өткізіліп, кітап көрмелері ұйымдастырылғандығын атап өту керек.

ХҚКО-ның баспасөз қызметі.

ТЕЛЕ-АРНАНЫ ҚАЛАЙ ТІРКЕЙДІ?

Қазіргі дамыған заман талабын-да теледидардың да орны ерекше. Үйдегі көк жәшіктің де түрлісі және түстісі де бар. Оның ішінде отандық арналардың да алатын орны ерекше. Заманның талғампаздары ерекшесін халықтың елшісін таңдап сұрыптап керегін ала-ды. Аталып жатқан сол көк жәшіктің де көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандарты бар. Яғни Отандық теле-, ра-диоарнаны есепке, қайта есепке қою, куәліктің телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.

«Отандық теле-, ра-диоарнаны есепке, қайта есепке қою, куәліктің телнұсқасын беру»

мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет). Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Ақпарат және мұрағат комитеті көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы; 2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет

көрсету тәртібі

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қыз-метті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш бер-ген кезде – 10 (он) жұмыс күні;

2) құжаттар топтама-сын тапсу үшін күтудің рұқсат етілетін ең көп уақыты – 15 (он бес) ми-нут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең көп уақыты – 15 (он бес) ми-нут.

5. Мемлекеттік қыз-метті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қыз-

мет көрсетудің нәтижесі – отандық теле-, радио-арнаны есепке қою ту-ралы куәлік (бұдан әрі – куәлік), отандық теле-, радиоарнаны қайта есеп-ке қою, отандық теле-, радиоарнаны есепке қою туралы телнұсқаны беру.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы негізде көрсетіледі.

И.ЖӘНІБЕКОВА,
Жалағаш аудандық
бөлім инспекторы

Мобильдік үкіметтің пайдасы

Мобильдік үкімет мүмкіндіктердің кең спектрін ұсынады. «Мобильдік үкіметтен» көрсетілетін қызметті смартфондардан (планшеттерден), сондай-ақ әдеттегі телефондардан алуға болады. «Мобильдік үкіметтің» пайдаланушысы бола отырып, сіз мынадай мүмкіндіктерге ие боласыз:

- өз ұялы телефоныңызға хабарламалар алу, мысалы: ЭҮП және ХҚКО құжаттардың дайындығы туралы, балабақшаға кезектің өзгеруі туралы;
- бір реттік пароль арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу (ЭЦҚ баламасы ретінде);
- мобильдік қолтаңба арқылы қол қоя отырып, мемлекеттік қызметтерді ала алады;
- SMS – хабарламалар арқылы мемлекеттік қызметтерді алу.

Мобильдік қолтаңба технологиясы мобильдік үкімет жұмысының маңызды құрамдасының бірі болып табылады. Бұрын біз ЭЦҚ пайдаланушының компьютерінде, тасығыш құрылғыда немесе жеке куәлікке жазылған күйде көруге үйренгенбіз. Енді пайдаланушының sim-картасына байланыстырыла-тын болады. Оның көмегімен дәстүрлі телефон иесі SIM-картаға жазылған мобильдік қолтаңбаны қою және қысқа нөмірге SMS-хабарлама жіберіп қызметті ала алады. Sim-карталарды шығаруды сондай-ақ Қазақстан бойынша ұялы операторлар жүзеге асырылатын болады. Алайда ЭЦҚ sim –картаға бай-ланыстырылуы үшін, пайдаланушыға ХҚКО бару қажет.

Мобильдік үкімет – бұл жасына, әлеуметтік мәртебесіне, білімділігіне және тұрғылықты орнына қарамастан халықтың басым бөлігімен өзара байланыс үшін ең қолайлы жол, себебі ол жаппай қол жетімді.

Қалай мобильдік үкімет пайдаланушысы болуға болады?

Мобильдік үкіметтің пайдаланушысы болу үшін сізге мобильдік үкіметке қосылу қажет. Аталмыш рәсімді қазіргі уақытта «электрондық үкімет» порта-лында тіркелуде немесе авторлануда қазіргі уақытта орындауға болады. Сізге барлық керегі - ЭЦҚ және ұялы телефоныңыз болуы керек. Мобильдік үкіметке қосылған пайдаланушылар туралы деректер мобильдік азаматтар қорында сақталады. Мобильдік үкіметке қосылған пайдаланушылар туралы деректер азаматтардың мобильдік қорында сақталады.

Әрі қарай мобильдік үкіметке қосылу бойынша сервис ХҚКО операторлары үшін ХҚКО БІАЖ шығарылатын болады, онда қосуға өтінім egov.kz мобильдік қосымшасы арқылы, өтініш берушіде ЭЦҚ болу қажеттілігінен ХҚКО опе-раторлары қол қоятын болады, сондай-ақ мобильдік қосымша арқылы жүзеге асырылады.

Д.РАХЫМБАЕВ,
ХҚКО Жалағаш аудандық бөлім инспекторы



«ЖАС АЗАМАТ» ҰСТАНҒАН ҮШ ЖОЛ

Жоғарыда айтқанымыздай, «Жас азаматтың» екінші ұстанған жолы – елдің әлеуметтік жағдайын көтеру, өнеркәсіпке, әр түрлі шаруашылыққа, ғылым-техникаға қолдау көрсету дедік. Бұл туралы біз жоғарыда келтіріп өткен әр бір материалдан да аңғарылады. Тәуелсіз экономика құру үшін шетел капиталына сүйенбей, өз күшімен, мүмкіндігінше қолдан келетін істерден бастап шаруашылыққа кірісу Алаш ұстаған бағыттың бірі. Земство арқылы жергілікті шаруашылықты дамыту да бұның бір буыны. Әсіресе «Жас азаматтың» шаруашылық туралы толық пікірін білу үшін газеттің алтыншы санында шыққан Смағұл Сәдуақасовтың «Өмір үшін күресу» деген мақаласын мысалға келтіруге болады. Мақалада автор кез келген адам баласына жан-дүние қамы үшін тамақ, киім, үй керек, бірақ оларды табудың жолдары әр түрлі, әдісі әр түрлі дей келіп: «Не іске болса да әдіс керек. Және заман өткен сайын әдіс өзгеріп тұрмақшы. Мысалы: тұрмыс жөнінде ең әдісшіл Германиядағы немістің хан әдісін біздің қазақты алайық. Екеуі де өмір үшін күреседі, бірақ неміс әдіспен күреседі хан заманға қарай әдісін өзгертіп отырады. Сондықтан, екеуінің тұрмысында жер мен көктің арасындай айырма бар.» деп, одан әрі неміс пен қазақтың тұрмыс күйіндегі айырмашылықтарды теріп шығады. Теріп қана қоймайды, қазақ оқығандарын осы «шаруа ісіне» шақырады. «Жиырма-сыныншы ғасыр шаруаның қолы екенін ұмытпау керек» дейді. Қазақ өзінің киетін киімін, ішетін асын өзі өндіруі керектігін, өзгеге тәуелді болмауды мұрат қылады. Және осы мақаланың соңына қарай бірнеше түрлі шаруа жайын сөз етіп, жол көрсетеді. Жалпы газет 1919 жылдың соңында жабылғанға дейін осы тектес мақалалар шығып тұрған. Осы үндеулері арқылы алаш жастары қазақтың талай ісіне ұйытқы болуға тырысқан. Олардың өздеріне үлкен мақсат жүктегенін аңғартатын, шаруашылық ісіне ден қойған тағы бір мақаласы газеттің осы жылғы 5 желтоқсандағы он төртінші санында «Оқу» деген атпен жарияланған. Мақаланың жұртты жігерлендіруге, іске шақырғаны автордың жасырын

атын «Оптимист» деп алуынан-ақ байқалып тұр. Мақалада автор елдің шаруашылығының өсуіне, мәдениеттің тез таралуына, халықтың алға басуына «қолайлы табиғат, тұқым оңдылығы, дін түрі, елдің жиі отырғандығы, ұлттың рухтылығы, көрші халықтардың құнарлылығы хан ауыл шаруасының фабрика, завод, сауданың көтерілуі себепкер болады. Біздің алашта бұл заттардың бірі де жоқ. Сондықтан алаш тез алға басып жетіліп, құнарлы халықтардың қатарына кіре алмайды деушілер бар» дейді де, «Мен «алаш тез алға басады» деушілерге қосылатындығымнан өз дәлелімді көрсетемін» деп жоғарыда аталғандарды бір-бірлеп теріске шығарады. Дін мәселесі ерте кезде әсер етті, қазір сенімнен ақыл күштірек болғандықтан, бұның әсері жоқ десе, «Тұқым оңдылығы» дегенге Жапонияны мысалға келтіріп тойтарыс береді. Осылайша барлық шарттарға қарсы дәлелін көрсетіп келеді де, «Біздің қалайтынымыз шаруаның көтерілуі. Ауыл шаруасының, фабрика, завод, сауданың көтерілуі ұлттың рухты болуынан. Ал рухты болу үшін жасаулы пікір (создательная идея) керек. Мұндай пікір жеке адамдардан бастап бұқара халықтың миына орнығып, көпшілікті өзіне аударса ұлтты рухты қылады» дейді. Міне баспасөз бетінде қозғалған ұлттық идея мәселесінің анық көрінісі. Осыдан ары қарай автор біздің қазақты өзіне тартып тұрған оқу ісі дейді. Қазақтан оқуға құмартқандар көп шығып жатыр, осы оқу арқасында алаш жұрты тез жетіледі деген ойдымын деп бір түйеді де, «мемлекет билігі таз қалпына түспей, бұқара билігі орнықса, «Алашорда» мен земстводағы басшы азаматтарымыз оқудың тез таралуына армай-талмай қызмет істесе, жылында әр облыстан бір жігітті шет мемлекеттерден оқытып тұрса (биылғы жастар съезінің қаулысында да бар еді степендия ашып шеттен оқыту) бір 20-30 жылда қаһарлы халықтың санына кірер едік» дейді. Көрдіңіз бе, біз бүгін ғана қол жеткізе алған «Болашақ» бағдарламасының сол кездегі көрінісі. «Қалай шаруашылығы зор елге қосыламыз?» деген сұраққа берілген жауап бұл. Яғни біз атаған «Жас азаматтың» үш ұстанымы да бірінсіз бірі болмайтыны көрініп тұр.

Шаруашылықты өркендету үшін бір тұтас ұлттық идея керек болса, ол идеяны орықтыру үшін әділ билік керек екені шығады. Ал газетте әділет ісі үшін жасалған қадамдар туралы мақалалар мен билік, мемлекет қалпы туралы материалдар да көп кезігеді.

Біз үшінші ұстанымы ретінде – әділетті, азаматтық қоғам құру мәселесін атадық. Әуелі газеттің үшінші санындағы «Спас завод» деп басталатын қысқа хабар түріндегі жазбада, аталған завод жұмысшыларының алғаш большевиктер орнай қалған кезде, завод басшылығын басып алып, енді большевик қашқанда бұрынғы завод иелері қайтадан өз орындарына келгенін мәлім етеді. Одан әрі «жұмысшылардың көбінде елге жетерлік ақшасы да жоқ. Қосақ арасында кетіп, кінәсіз момындар да жұмыстан шығарылып жатыр» деп өкініш айтады. Осындай бір аумалы-төкпелі заманда, шауып алу, тонап кету, алдап алу салтқа айналған, аштық пен соғысқа қатар ұшыраған шақта да, әділет туралы бір ауыз сөздің айтылуының өзі және шынайы айтылуы – жас қауымның әлгінде айтқан әділетшіл қоғамға жасаған аз да болса талпынысы демей тұра аламыз ба? Газеттің 25 қазандағы сегізінші санында «Ішкі хабарлар» деген шағын мақалада осы тектес мәселелер қозғалып, істің әділет табуын нұсқайды. Және жетінші, сегізінші сандарда бөліп басылған Мұхтар Әуезовтың «Ескеру керек» атты мақаласында: «Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем би билеген заман – киіз туырлықты қазақтың тарихында әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хал бұлқынбай жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлде неше указ сайқалдап шықты. Көп өзгеріс жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толып, неше кішірейіп шым-шытырық түрлерге түсті. Әр түрлі указдардан шыққан өзгеріс халық бақытын мысқалдап, жылжытып, құлдық құшағына тастағалы әкелді. Неше рет қазақ халқы зынданның ернеуіне келіп қайтты.» деп бастап, әрі қарай қазақ ішіндегі барша келенсіздіктің себебін ашуға тырысады. Мақалада бүлінген елді түзейтін әділ заң мен теңдікті сөз етеді. «Абайдың: «Мен закон қуаты қолымда тұрған кісі болсам, адам баласының мінезін

түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», деген сөзінің қазақ турасында іске алынатын кезі келді» деп, енді осы ел ішінде әдетке, мінезге айналған тонау мен алдау, қорқыту, бүгінгіше айтқанда азаматтардың құқығын таптау мәселесін күн тәртібіне қойып реттеу керек дейді. Бұның бәрі біз айтқан әділетті қоғамға деген талпыныс емес пе? Және газеттің әр санында дерлік земство ісі туралы хабарлар беріледі. Земствоға сайлау тәртібі, жөн білетін, ұлтқа жаны ашитын, әділетшіл азаматтардың сайлануы секілді мәселелерді үгіттеп, мемлекеттік жаңа құрылысқа барынталарын салады. Бұндай хабарлар көбінде «Земство», «Земство ісі» деп, «Қалалық дума сайлауы», «Мемлекет кеңесі», кейде сол облыстарға байланысты «Ақмола облосной земский собраниесі» деген секілді тақырыптармен беріліп отырады. Мұның барлығында да дерлік земствонның пайдалы жақтары, әділ билікті негіз етуі, сайланушылардың аты-жөні секілді мағлұматтар кездеседі. Большевиктерге жүргізілген сот ісі, ел ішіндегі дау-шарлардың сотта қаралуы секілді оқиғалар да газетте қысқа хабар, шолу ретінде беріліп тұрған. Бірнеше жерде әділетсіз қаралған сот ісі айтылса, 14- санындағы «Спас заводынан» деген хабарда, екі күдікті ұрыны ұстаған милиция айтқанымен жүрмеді деп екеуін жазықсыздан жазықсыз, сотсыз атып өлтіргені айтылып, бүгінгі милиция патша үкіметі кезінен де қатал болып барады, мұндай милицияның ұрының жолдасы деу керек деп өлген екеуге жанашырлық білдіреді. Газеттің алтыншы санында әйел теңдігі мәселесі туралы бір материал бар. Онда Кереку қаласында өткен оязның соттың сүйгенімен қашып кеткен әйелді қайтадан бұрынғы күйеуіне таңғаны туралы айтып, әділдік, теңдік іздеген қазақ қызы мұны көріп көңілі қалмай ма? Өзіміз айтатын әйел теңдігі қайда қалды деп налиды. Осы тектес мақалалар газеттің жалпы барлық санында кезігеді. Және бұл мақалалардың бәрі жас азаматтықтардың әділет ісіне деген ынтасы мен талпынысын білдіріп тұрды.

Бұдан тысқары тарихи деректік құны мен оқу-ағарту, баспасөз мәселелері, түрік бірлігі секілді аса маңызды тақырыптарды да мүмкіндігінше

қаузаған. Біздің жоғарыдағы «үш жол» негізінде бөлектеп талдаудағы мақсатымыз – аз да болса, алаш идеясын жүйелей түсуге, жалпылама қарай бермей, тереңдей, жекелей үңілуге жол ашсақ деген ой. Аз мөлшерде болса да ой қосып, септігімізді тигізе алсақ зор жеңіс.

Сөз соңында мына бір мақалаға тоқтала кеткенді жөн көрдік. «Жас азаматтың» 5 қаңтарда шыққан 18-санындағы «Біздің ұлтшылдар» атты бас мақалада: «Көңісіз болу – шын ұлтшылдарға лайық емес, өйткені, ұлт жұмысына белсене кіріспей жатып, қажып қалу. Анық толық екі жылға жетпей, ұлтшылдардың еңсесі түсіп, салы суға кетіп, қажып қалса, бұқараның жапқан көңілін кім ашады? Ұлтты теңдікке кім жеткізеді? Мұны ойласақ, еріксіз табанды әскер, ұлтжан боламыз. Ұлтжан болған кісі айға-жылға деп кесіп кірмейді. Өлшеулі күні ойлаған мақсатына жете алмаса, жұртқа сөзін тыңдата алмаса да, «қажыдым» деп тартынбас керек, әр тарапынан кедергі қойылған сайын, қайраты артып, қуаты күшейіп, тасқын судай екпіндей бермек. Шегіну, жасқану, қажу – ұлтшылдықтың жауы. Сонда да, дұрыс ойынан қайтпайтын, түзу, таза, мықты пікірлі болмақ керек. Имам ағзам айтады: «бір пікірді дұрыс деп сенгеннен кейін, біреу келіп, пікірін дұрыс емес деп, дұрыс еместігіне дәлел қылып, таяқты көз алдында жыланға айналдырса да, бір сенген пікіріңнен қайтпа!» деп... Ұлтшылдықтың жолы осы» деп қатарлас жас буынға жігер береді. Осыдан жүз жыл бұрын өткен бұл тарихқа да көз жіберсек, мәңгілік елдіктің асыл мұратын ту еткен жастар сол сертінен қайтпапты, бет алған жолдарынан айнамапты. Керек десеңіз осының бәрін өздерінің қыршын өмірімен дәлелдеп кетіпті. Осы күнгі бір айқайға дүр көтеріліп, ауыз жиналғанша суып қалатын, жасқаншақ, жігерсіз ұлтшылдығымызға қарап ұяласың да. Тыныш, алған бетінен қайтпай, ұстанған мұратына жеткенше күресе беретін асыл мінез қашан дариды екен деп қиналасың.

Есбол НҰРАХМЕТ. Abai.kz

(Басы өткен санда.)



Бұл бокс бұрынғыдан өзгереді

Қазақстандық кәсіпқой боксшы Геннадий Головкин (33-0, 30 KO) мен канадалық Давид Лемье (34-2, 31 KO) арасындағы жекпе-жекке билеттер өте жылдам сатылып жатыр. Мұны Головкиннің промоутері Том Леффлер мәлім етті.

«Уилли Монромен өткен кездесуге де билеттер өте жылдам сатылған еді, алайда, мұндай қарқынмен емес. Madison Square Garden аренада бүгінге дейін талай үлкен жекпе-жектер өтсе де мұндай жағдай MSG тарихында алғаш рет болып отыр. Жалпы, алғашқы екі сағат ішінде сатылған билеттер

ге карап, 17 қазанда аншлағ болатынына күмән келтірмеймін», - дейді Леффлер.

Айта кету керек, Madison Square Garden 17-18 мың адамға шақталған. Леффлердің айтуынша, бұған қосымша тағы жүздеген орындық қойылмақ.

Ал, кездесудегі ең арзан билеттің құны 50 доллардан басталып, 500 долларға дейін баратын болады. Кездесу ақылы трансляциялар жүйесі (PPV) арқылы HBO арнасында көрсетіледі. Қазақстандықтар жекпе-жекті «Қазақстан» ұлттық арнасынан тамашалай алады.

«ҚАЙСАР» ҚАРҚЫНЫНЕНДІ ҮДЕТПЕСЕ...

Футболдан ел біріншілігінің алғашқы кезеңін «қайсарлықтар» сәтсіз өткізді. Қарсыластар қақпасына 12 доп соғып, өздері 25 гол жіберген болатын. Әрине, қуантарлық нәтиже емес. Осылайша, команда турнир кестесінің соңғы сатысына сырғи түсті. Облысымыздың бас футбол клубы саналатын «Қайсардың» ойынын газетіміздің әр санында үзбей жариялап, назардан тыс қалдырмауға тырысып келеміз. Бұл жолғы басшылықтағы ауыстықтың де бізді жанкүйер ретінде алаңдатқаны рас. «Қасқырларды» алғашқы алтылыққа іліндіре алмаған соң, бас бапкердің қызметінен кеткені белгілі. Оғай орнына, ресейлік маман Федор Щербаченко білек сыбана кірісіп кетті. Білікті бапкер осыған дейін «Кубань», «Томь», «Москва», «Балтика», «Губкин», «Мордовия», «Ротор» сынды командалардың тізгінін ұстаған. Алдағы уақытта, Щербаченко «қасқырларға жан бітіреді» деген сенімдеміз. Жаңа бапкер өзінің болашақ командасын жақсылап

зерттегенге ұқсайды. Ол туралы өзі: «Қайсарға» келер кезде бұрынғы ойындарына қарап, анализ жасадым. Биыл Премьер-лигадағы орынды сақтап қана қоймай, жоғары нәтиже көрсетуге болады. Оған мүмкіндік бар. Оның үстіне жергілікті билік үлкен қолдау білдіріп отыр», - дегенді айтты.

Тағы бір қуанышты жаңалық осы аптада облыс әкімі Қ.Көшербаев «Қайсар» футбол клубын қабылдады. Жиын барасында аймақ басшысы тиісті сала басшыларына бір ай көлемінде футболды дамытудың Жол картасын дайындауды тапсырды. Онда «Қайсардың» намысын қорғайтын балаларды еуропалық футбол академияларында тәлім алу мәселесін қарастыру қажеттігін айтты. Мамандар енді осы бағытта жұмыс жасайды. Негізінде өңірде футболды дамытуға байланысты 2020 жылға дейін жоспарланған арнайы бағдарлама бар. Онда стадион салу, инфрақұрылым мәселелерін шешу қаралған болса, Жол

картасының артықшылығы балалар футболына мән берілмек.

Жиын барысында аймақ басшысы: «Біз «Қайсарға» барынша қолдау көрсетіп келеміз. Соған қарамастан соңғы орында тұр. Дегенмен, жанкүйерлер теріс айналмай қолдау көрсетуі тиіс. Өз кезектерінде футболшылар да алаңда бар күш-жігерін аямау керек. «Қайсардың» символы - қасқыр. Сондықтан ойында сол мінезді көрсету қажет», - деді.

Кездесуден кейін «Қайсардың» бас бапкері Ф.Щербаченконың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Ресейлік маман алдағы жоспарларымен бөлісіп, бүгін «Таразбен» өтетін алғашқы кездесуге дайындықтың қызу жүріп жатқанын айтты. Ендеше, Щербаченкоға сенім білдірсек, «Қайсардың» жарқын жеңісіне шаттана қарайтын кезде келіп қалар деген үміттеміз...

Бетгі дайындаған:
Рыскелді ЖАХМАН

Қоржында – қола

Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында жасөспірім шахматшылар арасында Азия чемпионаты болып өтті. Дүбірлі додаға 16 мемлекеттен сайдың тасындай іріктелген мықты спортшылар қатысты. Аталмыш бәсекеде, Қазақстаннан 12 спортшы бақ сынап, жалғыз медальді жерлесіміз Назерке Нұрғали еншіледі. 12 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында сынға түскен Назерке швейцар жүйесі бойынша классикадан 9 турда 6 ұпай жинады. Талабы таудай Назерке енді Грецияда өтетін жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатына дайындалатын болады.

КИКБОКСИНГТЕН КӨШ БАСТАДЫҚ

Үндістанның Пуна қаласында кикбоксингтен ересектер арасында Азия чемпионаты аяқталды. Кикбоксингтің фулл-контакт, лоу-кик, к-1 бөлімдері бойынша өткен жарысқа 17 мемлекет спортшылары қатысты.

Аталмыш жарыста Қызылорда облысынан екі спортшы сынға түсіп, екеуі де жеңіспен оралды. Атап айтсақ, лоу-кик бөлімінде өнер көрсеткен Алтынбек Жүнісов 75 келі салмақ дәрежесінде Азия чемпионы атанып, ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындады. Ол үш кездесу өткізіп, финалда Қырғызстан спортшысын 3:0 есебімен жеңді. 86 келі салмақта Ахмедияр Аманжолов лоу-кик бөлімінде

күміс жүлдені иеленді. Айта кетейік, Қазақстанның намысын 33 спортшы қорғап, жалпыкомандалық есепте Қазақстан көш бастады. Қалған орындарды Қырғызстан және Иран мемлекеттері иеленді.

Қос спортшы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кикбоксингпен жастайынан айналысып келе жатқан екеуі де қазіргі таңда облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінде жаттығады. Бапкері – кикбоксингтен облыстың аға жаттықтырушысы Берік Ахметов және жаттықтырушы Қайрат Байқуатов. Азия чемпионы атанған Алтынбек Жүнісов үстіміздегі жылдың қазан айында Сербияның Белград қаласында болатын Әлем чемпионатына жолдама алды.



«Барселонаның» бағы басым

Каталониялық «Барселона» клубы осымен бесінші рет УЕФА Суперкубогын иеленіп отыр. Ол финалда испандық «Севилья» клубынан басым түсті. Тбилисиде өткен кездесу 5:4 есебімен аяқталды. «Барселона» құрамында Лионель Месси дубль

орындаса, Рафинья және Луис Суарес бір-бір голдан соқты. Жеңіс әкелген голды қосымша уақытта Педро қарсыластар қақпасына дарыта алды. Қос құрама арасындағы ақтық бәсекені 51 940 адам тамашалаған.

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	Тапсырыс №878 Таралым 2000

■ e-mail: alash_zholy@mail.ru